



«Көрұғлы» дастанының қазақ және түрік нұсқасынларындағы ерекшеліктер

Ахмет Аляз / Ahmet Alyaz

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл жұмымыста «Көрұғлы» жырының қазақ және түрік нұсқаларында қалай көрініс тапқаны жайында салыстырмалы түрде зерттеу жүргізілді. Мақаланың өзегін қазақ жыршы Жамбыл Жабаев жырлаған «Көрұғлы» нұсқасымен Түрік жыршысы Б. Махирдің жырлаған нұсқасы негізге алына отырып осы дастанның өзгеде нұсқалары да қарастырылды. Сондай-ақ екі жаққа танымал фольклор саласының атақты ғалымдарының пікірлерімен өрбітілді. Жырдағы негізгі ерекшеліктермен ұқсастықтар салыстырмалы түрде зерделенді. Дастанның Орта Азия және Анадолыда неліктен өзгешеленіп кеткендігіне сараптама жасалды.

Негізгі сөздер: «Көрұғлы», «Көрұғлы» жамбыл нұсқасы, «Көрұғлы» Анадолы нұсқалары

Features of the Kazakh and Turkish versions of the epic "Korugly"

Abstract: In this work, a comparative study of how the epic "Korugly" is reflected in the Kazakh and Turkish versions. At the heart of the article is a version of "Korugly" sung by Kazakh poet Zhambyl Zhabayev. Other versions of this epic were considered on the basis of Mahir's hymn. It was also based on the opinions of well-known scholars in the field of folklore. The similarities with the main features of the poem were studied comparatively. An analysis was made of why the epic differed in Central Asia and Anatolia.

Key words: "Korugly", "Korugly" Zhambyl version, "Korugly" Anatolian versions

«Көрұғлы» жыры

Соңғы отыз жылда Қазақстан мен Түркия республикаларының қарым-қатынасының қайта жандануына орай, екі елдің әдебиетіндегі ортақ мұраларды салыстыра зерттеуге жол ашылды. Қазақ пен түрік халқының бір-біріне бауыр екендігін, туыстығымызды тереңнен толғайтын фольклорлық ортақ мұраларымыз екені белгілі. Біз зерттеу нысанына алып отырған «Көрұғлы» жыры екі елге де ортақ туынды саналады. Бірақ, қаншама ғасырдан бері екі елде кеңінен жырланған «Көрұғлы» жыры саяси, тарихи, мәдени, әдеби т.б. әсерлердің болуына байланысты, түрлі өзгешеліктерге ұшыраған.

Екі халықтағы «Көрұғлы» жырының өзгешелеу болып келуіне аймақтық ерекшеліктер қатты әсер еткен. «Көрұғлы» эпосының Қазақ нұсқаларына Орта Азиялық нұсқалар, яғни, туысқан түркімен, өзбек, қарақалпақ нұсқалары әсер етсе, түрік нұсқаларына туысқан әжірбайжан нұсқаларымен қатар, өзгеде Кавказ өңірін мекендейтін армян, грузин нұсқалары әсер еткен. Яғни, «Көрұғлы» жырының сюжеттік құрылымның байи түсуіне әрбір халық өзіндік тұрғыдан үлес қосқан. Эпостың мотивтік тұрғыдан көпқырлы болып келуінің себебі, осында жатыр. Жырды, осы қырынан алғанда, Жамбыл және Анадолы нұсқаладарындағы ерекшеліктерді негізге алып, ғалымдардың алуан түрлі пікірлерімен талдап көрейік.

Белгілі фольклортанушы - Р.Бердібай «Қазақ эпосы» атты монографиясында жер астына қатысты

атрибууттары бар эпостарды көне эпостардың қатарына жатқызуға болатынын айтады. Ғалымның:

«Көне эпоста дүниенің жаралуы туралы мифтік ұғымдар көрініс тапқан. Оқиғалардың, байланыстардың үш қат әлемде: аспан, жер, жер астында өтетіні - осының айғағы» (Бердібаев, 1982: 90), — деген пікірін негізге алсақ, Көрұғлының жер астында, яғни көрде туылып, көрмекенде өсіп-жетілуі жырдың архаикалық атрибуттары бар екенін әйгілейді.

Р.Мәзқожаев нұсқасында кейіпкердің көрде тууы Көрұғлының елден ерек болмысын білдіреді. Яғни, жыршылар кейіпкердің тууын осылай жеткізумен оның келешекте алып, дүлей күштің иесі болатынынаңарады. Фольклорда мұндай мотивтің жиі көрініс беретіні жөнінде белгілі ғалым С.Қасқабасов былай дейді: «Егер құлиеленушілік мемлекеттің патшасы үшін күннен туу ерекшеліктің белгісі болса, сондай-ақ ру басы мен тайпа басшылары үшін тотем-бабадан туу кереметтіктің символы болса, ал батырлар үшін ата әруағы мен әулие-әнбиелердің жебеп-желеуі – басқа адамдардан айрықша екендігінің куәсі» (Қасқабасов, 2002: 425), -деп жазады.

Жалпы, кейіпкердің таңғажайып түрде дүниеге келуі, оның ішінде көрде туу мотиві түркі халықтарының фольклорында ерте заманда-ақ қалыптасқан болу керек. Мәселен, Ә.Қоңыратбаев бұл туралы былай дейді: «Көрден туу жөніндегі аңыз Алтай түріктерінде IV ғасырдан бері бар. Бұрын Саянның терістігінде 400 жыл тұрған Ашина (Тюю) түріктері 439 жылы Теміртауды тесіп өтіп, Ордосқа орналасып, Түрік қағанатын жасаған екен дейді аңыз. Түркі тайпаларында батырдың жерден шығуы көп айтылады. Бұл аңыз «Жерден шыққан Желім батыр», «Ер Төстік» ертегілерінде де бар». Ә.Қоңыратбаев көрде туу мотивінің көне дәуірге ғана емес, бергі XIV ғасырдың аңыз-әңгімелеріне де тән екеніне тоқталады. «Орта Азия аңызы Ақсақ Темірді де көрден туғызады. XVI ғасырда өмір сүрген Самарқан патшасы - Хасан өзінің жұлдызшыларына: «Менің тағымды кім алады, соны болжап беріңдер», — депті-міс. Сонда сәуегейлер: «Жетісудағы Барлас елінде Тарағай дейтін би бар, тағыңызды соның белінен жаралған бала алады», — дейді. Хасан Жетісуға жасауыл жіберсе, Тарағай туғалы отырған әйелін жерлеп, Ақсақ Темір содан туған екен дейді» (Қоңыратбаев, 1987: 130).

Десек те, Ә.Қоңыратбаев «Көрұғлы» жырының шығу тегін тым арыға, көне дәуірлерге дейін апарды. «Көрұғлы сюжеті көп елге ортақ. Бірақ, ол бір ғана XVI-XVII ғасырда емес, көп заманның оқиғаларын қамтыған кәрі сюжеттің бірі болса керек. Арғы жерді алсақ, Тұран-Иран соғысы, кушандар дәуірі, Орта Азияға хұндердің келуі, бергі жерге келсек, X ғасырдағы оғыз-қыпшақ ұлысы, пешене бірлестігі, ноғайлы кезінен қалған оқиғалар кездеседі» (Қоңыратбаев, 1987: 131).

Жалғыз қалған жетімекке Жаратқанның жар болуы діни нанымға негізделген мотив екені айқын. Мұсылман халықтарында пірлері мен Ғайып ерен, қырық шілтендердің желеп-жебеуі мотиві ұдайы кездесіп отырады. Әсіресе, сопылық үрдіс бойынша пірлер мен шілтендердің қол ұшын созуы, сол адамға Құдайдың ерекше назары түскенін аңдатады. Яғни, жетім қалып, көрде туған кейіпкерді пірлер мен қырық шілтендердің келіп азықтандыруы Көрұғлының әу бастан батырлық харизмасын әйгілеп тұр

деген сөз. Жетімек баланың өсіп-жетілуі хақында да мифтік ұғымдар көрініс береді (Бабалар сөзі 48, 2008: 71).

Жамбыл нұсқасында Көрұғлының көрде тууы жоғарыда айтылған нұсқаларға мүлде ұқсамайды. Мұнда Көрұғлы тек шешеден ғана жетім болып туады. Жамбыл нұсқасында Көрұғлы қырық бір ұлы бар кемпірдің қара тоқал ешкісін емгені айтылады. Осы кейіпкердің қара тоқал ешкінің емшегін ұрлап емуі Бозай ханның баласымен қауышуына түрткі болады. Сондай-ақ, баланың өзі құралпы балаларды асықтай қылып лақтыруы, Бозай ханның бас батыры - Құлақасқаны жауырынынан ұстап, лақтырып жіберуі оның ерекше дүлей күштің иесі екенін көрсетеді. Бұл қазақтың эпикалық дәстүріне сай. Әдетте, болашақ батыр жас шағында осындай оқыс әрекеттерімен көрінеді. Мұндай әрекет ғылымда «батырдың алғашқы ерлігі» деп аталады. Сонымен қатар Жамбыл нұсқасында Гүлжазираның көрінде туған Көрұғлының көрде қалай тәрбиеленгені нақты айтылмайды. Тек оның жабайы, тағы болып өскендігі ғана жырланады (Бабалар сөзі 49, 2008: 151-196).

Мұнда да қазақтың эпикалық дәстүрі көрініс береді. Яғни, болашақ батырдың не ішіп, не жегені, қандай тәрбие алғаны тәптіштеп айтылмайды.

«Көрұғлы» жырының түрік нұсқаларының ешқайсысында баланың (Көрұғлы) тууы мотиві кездеспейді.

Нұсқалардың бәрінде де Көрұғлының 9-15 жастағы бала екені айтылады. Қазақ нұсқаларындағыдай бала әкесі жоқта әрі өлі шешеден мазарда дүниеге келмейді. Бұл мотивтер — негізінен, Анадолыдағы түрік дастандары мен жырларына және ертегілеріне жат сарындар. Мысалы, түрік дастандарының атасы болып есептелетін «Оғыз қаған» дастанында бала - қарапайым әке-шешенің ұлы. Бірақ ол туғаннан діндар болып туады. Сәби кезінде анасының түсіне кіріп: «Егер де жалғыз Құдайға сенбесең, сенің сүтінді ішпеймін», — дейді. Анасы баласын аяп, ешкімге айтпай баласының айтқанына көнеді. Бала бір жасқа келгенде сөйлей бастайды. Өз атын өзі «Оғыз» деп қояды. Ер жеткенше Құдайға құлшылық жасайды. Құдай да оған сұлулық пен білім және садақ ату қабілетін береді (Sakoğlu S., Duymaz A., 2006: 100).

Жалпы, Анадолы халық әдебиеті үлгілерінде жазба әдебиеттің және діни сенімнің әсері күшті екенін байқаймыз. Анадолы жерінде отырықшылдыққа үйренген түрік көшпенділері ата-баба жұртынан алып келген аңыз-әңгімелерін өздерінің әлеуметтік тұрмысына, өмір сүрген орталарына, діни наным-сенімдеріне бейімдеген. Осылайша бабалар мұрасы әр дәуірдің ерекшеліктеріне орай бейімделе өзгерген және ол шынайы өмірге барынша жақындаған. Мысалы, Көрұғлы туралы эпос үлгілерінде кеңінен жырланған баланың көрде туып, кейін көрден шығып, бір нұсқада ешкінің, тағы бір нұсқада биенің сүтін еміп қоректену эпизоды түрік ертегілерінде өзгеріске ұшырағанын мына бір мысалдан көруге болады: «Патшаның бірі түсінде өз қызы мен бір шопанның баласының үйленгенін көреді. Сол шопанды тауып, баласын сатып алады. Патша сол баланы өлтіру үшін тауға жалғыз өзін тастап кетеді. Бірақ та сол таудағы бір ешкі әлгі баланы күн сайын емізеді. Ешкі бір кемпірдікі екен. Кемпір ешкісінің күнде сүтсіз келетіндігін ханға айтып, арызданады. Шопан ханнан ешкіні аңдып, кімнің емгенін

анықтауын сұрайды. Ақыры ешкінің ізін аңдып жүріп, оны бір нәрестенің емгенін көреді» (Sakaoglu S., 2002: 128-129).

Атақты фольклортанушы С.Сақаоғлының жинаған халық мұралары қатарына жататын бұл ертегідегі сюжеттің, жалпы «Көрұғлы» жырының Жамбыл нұсқасындағы баланың көрден шығып, коректену эпизодтарына ұқсастығы байқалады. Жамбыл нұсқасында бала Бозай ханның ұлы болып табылады және ол көрде туады. Кемпірдің жалғыз ешкісін біреу күнде емеді. Кемпір ханға арызданып, шопанға жазасын беруін сұрайды. Хан қойшыны дарға асылуды бұйырғанда, шопан зар жылап, мәселенің анығын біліп беруге уәде береді. Сол кезде кемпір арашаға түсіп, шопанды құтқарады. Ақыры шопан ешкіні көрден шыққан баланың емгенін көреді (Бабалар сөзі 49, 2008: 178-179).

Екі шығарманың да эпизодтарының бірдей екенін айтуға болады. Солай дегенмен, бұл сюжеттің Орта Азиядан Анадолыға жеткенше шынайы өмірге бейімделгенін көреміз. Баланың көрде туып, қайратты және күшті болуының орнына патшаның түсінде бір шопан баласының өз қызымен үйленуін көргені, сол үшін баланың тауға жалғыз тасталу эпизодтары — әдеби шығармалар поэтикасының өмірге жақындатылуының көрсеткіші. Оған тотемдік мифтердегі Көкбөрінің баланы емізуі мотивінің ықпал жасағаны айқын сезіледі (Sakaoglu S., Duymaz A., 2006: 69). Немесе Қорқыт атаның жырларындағы Төбекөз дәуді өлтірген Бисатты бір арыстанның емізуі бейнеленетіндігі де (Қорқыт ата кітабы. Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев, 1986: 90). Осы ойымызға дәлел болып табылады. Бірақ «Көрұғлы» жырының Анадолы нұсқаларында түрік дастандары мен жырларына тән батырдың тууы мотиві пайдаланылмаған. Себебі, түрік нұсқаларында жыраулар батырдың биологиялық тууынан гөрі оның батырлық образын әкесінің көрген қорлығы негізінде ашып көрсетуге ұмтылған. Оның да себебі бар: жас батыр - сол кезде 10-15 жас аралығындағы бала. Жыршылар тұлпар мен баланың бір мезгілде туып-өсуін және батырдың өзінің болашақ өміріндегі көретін көзі, ұстайтын қолы, жүретін аяғы болатын тұлпарымен бірге жетілуін ерекше мән бере отырып жырлаған.

Белгілі фольклортанушы Ш.Ыбыраев: «Қаһарманға ат қою ежелгі салт бойынша үлкен оқиғамен байланысты. Көне эпостарда кейіпкер өсе келе алғашқы ерлік жасағаннан кейін ғана оған рудың ақсақалдары ат қойған. Бұл салт «Қорқыт ата кітабында» да толық сақталған (Мәселен, майданда бұқамен жекпе-жекке шығып, оны жеңгені үшін жас батырды Бұқаш хан деп атайды). Қазақ жырларында батырдың желеп-жебеушілері жиналған топқа ақ сақалды шал бейнесінде келіп, ат қою сақталған. Алайда, бұл оқиға болашақ батырдың алғашқы ерлігімен байланысты емес, оның дүниеге келген нәресте шағында-ақ ат қойылады» (Қорқыт ата кітабы. Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев, 1986: 128). (Ыбыраев. Ш., 1993: 51), - деп жазған.

Көрұғлының есіміне қатысты қазақ және түрік нұсқаларын саралай келе айтпағымыз, «көр» сөзі түрік тілінде «зағип», «соқыр» мағынасын берсе (Türkçe Sözlük. 2. Cilt., 1988: 911-912), қазақ тілінде түрік

тіліндегідей зағип мағынасымен бірге «мазар» мағынасын да береді. Тегінде қазақ нұсқаларында Көрұғлыны мазарда туған тұрпатында қолданады (Қазақ тілінің сөздігі 11., 1999: 328).

Яғни, түрік тілінде Көрұғлы әкесі «көр» мағынасын берсе, қазақ тілінде Көрұғлы «мазардың баласы» мағынасын береді (Абай тілі сөздігі., 1968: 329). Бұл мәселеге Көрұғлының бұл есімді қалай алғандығын талдағанымызда кеңірек тоқталып өтеміз.

Ал, «Көрұғлы» жырында басты кейіпкерге Көрұғлы есімінің берілуі эпизоды түрліше құбылады. Түрік нұсқаларының көпшілігінде билеушінің Көрұғлының әкесінің көзін ойып алуына байланысты, оның ұлына соқыр, «зағиптың баласы», яғни «көрдің ұлы» деген мағынадағы «Көрұғлы» есімінің берілгені айтылады. Қазақ нұсқаларында Көрұғлы шешесінің көрінде дүниеге келгендіктен, оның көрде туылған бала мағынасын беретін «Көрұғлы» есімін алғандығы жырланады. Дегенмен, түрік және қазақ нұсқаларының әрқайсысында кейіпкерге Көрұғлы есімінің берілуінің өзіндік ерекшелігі бар. Сондай-ақ, фольклортанушылар кейіпкерге бұл атаудың берілуі хақында әртүрлі қисынды көзқарастар білдіреді.

Ал, фольклортанушы Б.Әзібаева көр сөзі туралы өз тұжырымында мынадай пікір білдіреді: «Баланың көрде тууы» мотиві – кең тараған мотивтердің бірі. Ол көне грек мифологиясынан, парсылардың екі ғашық – Шеризат пен Гүлшат туралы хикаясынан белгілі. Сол хикаяның ізімен жырланған қазақтың «Қарқабат», «Шеризат-Гүлшат» дастандарында да болашақ кейіпкер - Шеризат осы іспеттес жағдайда дүниеге келеді. Оның әкесі кенеттен сырқаттанып дүние салады. Ал, дұшпандары қайтыс болған патшаның заңды мұрагерін жою үшін екі қабат патшайымның көзін құртуды ұйғарады. Бала өлі анадан туады. Оны арыстан асырайды, сондықтан оның аты – Шеризат (шер \п/- арыстан, жолбарыс). Ол арыстандай батыр болып өседі. Яғни, Шеризаттың өлі анадан туылу тарихын баяндайтын әңгімеде ертеректе - ана еркі дәуірінде пайда болған тотемдік культтердің қалдықтары мен одан көп кейін феодализм заманында қалыптасқан «ерекше жағдайда туу» мотивінің ең қайғылы көрінісі араласып, сабақтасып кеткен.

Жамбыл бабамыз жырлаған нұсқадағы Көрұғлыға ат қою мотиві басқа нұсқаларға мүлде ұқсамайды.

Бозайхан өзінің сүйіп алған жары Гүлжазираны әлдебіреулердің өсегіне бола өлімге кескеннен кейін, баласыздық дерті оған қатты уайым шектіреді. Өстіп жүргенде қойшысының тергеуге алынуынан Гүлжазираның көрде бала тапқанын біледі (Бабалар сөзі 49, 2008: 161-171). Р.Мәзқожаев (Раушанбек), М.Ж.Көпеев (Көрұғлы сұлтан өлеңі), Ә.Жүргенбаев, Е.Есенжолов нұсқаларында кейіпкердің көрде қалай туылғаны, немен қоректенгені, тіпті, рухани күштердің тәрбиелеп өсіргені баяндалса, Жамбыл нұсқасында кейіпкердің көрдегі өмірі туралы ештеңе айтылмайды. Кемпірдің баласын Дардана көрде туған кейіпкерді ұстауға барғанда жырлаушы «Қолынан ұстап Дардана, Көр баласын үйірді», Көр баласы мендеді, Дардана оны деңдеді», Көр баласын Дардана, Астына басып өңгерді» (Бабалар сөзі 49, 2008: 192), — деп, кейіпкердің көрдің ұлы екенін қайта-қайта назарға алады. Дегенмен, бұл кезде оқиғаға назар аударатын болсақ, жұртшылыққа кейіпкердің есімі беймәлім-тін. Көрде туған тағы кейіпкер Бозайдың уысына түскеннен кейін, хан елін жиып алып, балаға ат қойып беруін өтінеді. Осы кезде тоқсанға келген кәрі шал: «Ал жиналған халайық, Баланы сынға салайық. Көрұғлы деп ат қойсам,

Болар ма екен ылайық?» — деп кейіпкерге ат қояды. Кәрі шалдың қойған есімін Бозай хан ұнатпағанмен, ел ұнатады. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» демекші, Бозай хан атты жақтырмаса да, амалсыздан кәрі шалдың атауын жөн көреді (Бабалар сөзі 49, 2008: 194-195). Жыршы бұл жерде Көрұғлыға есім берілу эпизодын көрсету арқылы, өз заманындағы билеуші мен халық арасындағы кереғарлықты суреттегісі келгені айқын аңғарылады.

Жамбыл нұсқасында кейіпкердің көрдегі өмірі туралы әңгіме жоқтың қасы. Кемпірдің қара ешкісін еметін Көрұғлыны Қаракөз қойшы алғаш байқағанда «Табактай болып көрінді, Екі көздің шарасы» (Бабалар сөзі 49, 2008: 179), — деп суреттесе, Бозай хан арнайы барып көргенде «Бір мезгілде қабірден, Бір үлкен бас көрінді» (Бабалар сөзі 49, 2008: 184), — деп жырланады. Сондай-ақ, Бозай хан баланы ұстауға амал қылып, балаларды жібергенде, Көрұғлы өз құралыптастарын «асықтай лақтырып» жіберді. Өзін ұстауға келген «батырларды шетінен қиратады». Бозай ханның бас батыры Құлақасқаны жауырынан ұстап ап, бұрқ еткізіп лақтырады. Дардананың ғана әлі келіп, Көрұғлы тұтқынға түскен кездегі оның бітімін жыршы былайша деп ерекше суреттейді:

Ал, «Көрұғлының» Анадолы нұсқаларында балаға ат қою мотивтері қазақ нұсқаларындағыдай кеңінен жырланбайды. Өйткені түрік нұсқаларында Көрұғлы батыр 9 немесе 15 жасар бала деп көрсетіледі және «Көрұғлы» оның нағыз аты емес, лақап аты деп баяндалады. Бехчет Маһир жырлаған «Көрұғлы дастанындағы» «Көрұғлының ортаға шығуы» бөлімінде батыр болашақ тұлпарларды бағып жүргенде кездескен кедергілермен күресін, біртіндеп оларды жеңе бастағаннан кейін оның аты әкесінің соқыр болуына байланысты қойылады. Сонда соқырдың (Көрдін) баласының мәрттігі, халық арасында кеңінен таныла бастағаннан кейін біртіндеп өз атымен емес, лақап атымен, яғни «Көрұғлы» атымен даңқы шыға бастайды. Осылайша Көрұғлы атын иеленеді. Бұл атты оған шартты түрде жаулары мен өзінің ауылдастары береді (Маһир В., 1973: 10). Бірақ достары бастапқыда оны көр-соқырдың баласы деп кемсіту үшін «Көрұғлы» лақабымен шақырса, ауылдастары оны әкесіне деген аянышты халі үшін «Көрұғлы» лақабымен атайтын болған. Біртіндеп ерлікпен даңқын шығарған сайын Көрұғлы есімі нағыз ердің атына айналады. Аты елге әйгілі болғаннан кейін, өз есімі мүлде ұмытыла бастаған. Жыршылардың батырды өз атымен атамауының тағы бір себебі: Көрұғлының ерлік жолындағы күрестерінде батырдың атының ерекше есім болып, ешкімде жоқ атпен аталуын қалағанын көреміз. Аталған дастанда Көрұғлының шын аты «Әли» деп көрсетілген. Әли есімі — жалпы халық арасында көп кездесетін есімдердің бірі. Сол үшін бұл атпен аталуы жыр кейіпкерін ешқандай ерекшелемес еді. Жыршылар осы сәтті ойлап, батырдың алғашқы ерлігінен-ақ оны Көрұғлы деп атайды. Бір жағынан оның ерлік аты да деуге болады. Өйткені батырдың алғашқы ерлігінен-ақ жыршылар Көрұғлы атын қолданады.

Зерттеуші Ерман Артуннің пікірінше, ескіде батырға ерлік жасағаны үшін лақап ат берілетін болса, кейінгі дәуірде тұрмыстық жағдайға байланысты, яғни әкесінің мамандығы немесе дене мүшесінің кемтарлығына, болмаса артықшылғына байланысты ат қойылатын болған (Artun E., 2005: 139).

Жалпы, түрік нұсқаларының екінші бір жинағы деуге болатын Үміт Қафтанжыұғлының «Көрұғлы қоллары» (Көрұғлы тармақтары) атты жинағының алғы сөзінде батырдың Көрұғлы атын қалайша иеленгенін Бехчет Маһир нұсқасындағыдай көрсеткен. Яғни, ел арасында кішкентай кезінен бастап әкесінің соқыр болғаны үшін «Көрұғлы» болып аталғанын айтады. Бір айырмашылығы — әкесінің аты — «Юсуф (Жүсіп)», баланың шын аты «Рушен Әли» деп көрсетілген (Kaftancıoğlu Ü., 1974: 344).

Көрұғлыны ауылдастарының өз атымен атау себебі жалпы түрік жыр-дастандарындағы ерлік дәстүрімен байланысты болса керек. «Қорқыт ата» кітабында «Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жыр» атты хикаяда Дирсеханның ұлы он бес жасқа жеткенде Баяндүр ханның азулы өгізін жеңеді. Содан Қорқыт ата шақыртылып, Бұқаш деген ат қояды (Қорқыт ата кітабы. Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев, 1986: 11-14). Ежелгі түрік салтында батыр бүкіл ел мойындайтын ерлік жасамайынша оған ат қойылмайды. Қорқыт ата хикаясынан аңғарғанымыз осы. Дей тұрсақ та, бұл дәстүр біртіндеп заман ағымына байланысты өзгеріске ұшырағанын көреміз. Мысалы, «Көрұғлы» жырында баланың о баста аты бар, ол «Әли», «Рушен Әли» деп аталады.

Көшпелі және отырықшы феодалдық кезеңді бір мезгілде бастан кешкен Анадолы түріктерінде екі мәдениеттің де өрнектерін көруге болады. Баланың туғаннан кейін оған азан шақырып, ат қойылу дәстүрі отырықшыл феодализмнің белгісі болса, жасаған ерлігіне орай оған ерлік атының қойылу дәстүрі — нағыз көшпенді түрік мәдениетінің сарыны. «Көрұғлы» жырында батырдың ерлік аты «Көрұғлы» деп қойылған. Кейінгі дәуірлерде пайда болған түрік жырларында отырықшылдықтың ықпалының болғанын Яшар Кемалдің «Инже Мехмет» аңызынан көруге болады. Бұл шығармада Яшар Кемал лақап ат пен шынайы атты (Инже (жіңішке) Мехмет) бірге қолданады. Ал «Көрұғлы» жырында мұндай әдіс кездеспейді. «Көрұғлы Әли» деп еш жерде аталмайды. Дегенмен, әр елдің жыршылары бөлек-бөлек жырласа да, батырдың атындағы тұтастық сақталған. Батырлардың тууына байланысты сюжеттік тұтастық сақталмағанымен, есімге байланысты тұтастықта бірізділік бар.

Сонымен қазақ және түрік нұсқаларында балаға ат қойылуы және оның тез өсуі мотивтеріне байланысты ойларымызды қорытындыласақ:

1. Р.Мәзқожаев, Ә.Жүргенбаев, Есенжолов, Жамбыл нұсқаларында бала көрде дүниеге келеді. Түрік нұсқаларында баланың көрде тууы мотиві мүлде жоқ. Анадолы нұсқаларында бала 9-15 аралығындағы жасөспірім деп көрсетілген.
2. Қазақ нұсқаларында бала көрде туғаны үшін «Көрұғлы» атын иеленсе, түрік нұсқаларында «Көрұғлы» оның лақап я болмаса ерлік аты. Шын аты «Рушен Әли» немесе тек қана «Әли» деп аталған.

3. Балаға «Көрұғлы» атын қазақ нұсқаларында қырық шілтендер немесе халық қойса (Жамбыл нұсқасы), түрік нұсқаларында балаға бұл атты оның атағы шыққаннан кейін елі қояды. Біртіндеп бұл есім оның даңқты есіміне айналады.
4. Түрік нұсқаларында бала әкенің алып келген көріксіз тайларымен бірге жылдам өседі. Қазақ нұсқаларында бала кішкентайынан ерекшелігін байқатады. 3-4 жасар баланы ханның балуандары, әскерлері ұстай алмайды. Оған күштері жетпейді. Яғни, бала жастайынан ерлік көрсетеді. Алғашқыда жабайы өмір сүріп, біразға дейін қолға үйрене алмайды. Бұндай эпизодтар түрік нұсқаларында кездеспейді.
5. Баланың өсіп-жетілуіне қазақ нұсқаларында туысқандары көмектесе, түрік нұсқаларында тікелей әкесі көмектеседі. Ә.Жүргенбаев нұсқасында Бабалы баланың алғашқы тәрбиешісі деп көрсетілген.
6. Қазақ нұсқаларында баланың тууына және оның өсуіне байланысты ертегі жанрының дәстүрі жақсы пайдаланылған. Түрік нұсқаларында шынайы өмірдің белгілері басым. Әкенің берген тапсырмаларын орындауда баланың керемет құбылыстарға бармай, жай күнделікті тіршілікпен орындауы — шынайылықтың негізгі белгілері.
7. Түрік нұсқаларында бала тұлпармен бірге өсіп- жетілсе, қазақ нұсқаларында баланың өсіп- жетілуінде тұлпардың рөлі көрінбейді, жалғыз Райхан Арабтың тұлпарынан тұқым аларда баланың алданғаны ғана айтылған.

Метод

Бұл енбекте екі халыққа ортақ «Көрұғлы» дастанының ұқсастықтары және ерекшеліктері мифтік тұрғыда қолға алынып мифтік және батырлық прототиптік жақтарымен зерттелді. Атап айтқанда батырдың туылу, қарулану, алғашқы ерлігі, өсіп жетілуі сынды мотивтер қарастырылды. Сондай-ақ батырлық прототиптің пайда болу және негізгі қасеттері кеңінен қарастырылды.

Қорытынды

Осы енбек арқылы екі халықтың ауыз әдебиетіне ортақ дастанның алғаш рет салыстырмалы түрде зерттелуінің арқасында жырдың негізгі ерекшеліктері мен ұқсастықтары ортағы шығарылды. Осы мақаланың фольклор зерттеушілеріне жаңа бір тыныс ашары сөзсіз. Қорыта келгенде Жамбыл нұсқасының түрік жұртшылығына және түрік нұсқаларының қазақ жұртшылығына танылуына кеңінен жол ашады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Абай тілі сөздігі. / Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл білімі институты /. – Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1968. – 734 б.
- Artun E. Türk Halk Bilimi. – İstanbul: Kitapevi Yayınları, 2005. – 413 s.
- Бабалар сөзі. 48 Том. – Астана: Фолиант, 2008. – 536 б.
- Бабалар сөзі. 49 том. – Астана: Фолиант, 2008. – 416 б.

Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 231 б.

Ыбыраев. Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма баспасы, 2002. – 448 б.

Қазақ тілінің сөздігі. Ұлттық Ғылым Академиясы. А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты. – Алматы: Дайк пресс, 1999. – 776 б.

Kaftancıoğlu Ü. Köroğlu Kolları. – İstanbul: Büyük doğu yayınevi, 1974. – 344 s.

Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.

Қорқыт ата кітабы. / орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев /. — Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.

Қорқыт ата кітабы. / орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев /. — Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.

Mahir B. Köroğlu. – Ankara: Sevinç Matbası, 1973. – 613 s.

Sakaoğlu S. Gümüşhane ve Bayburt Masalları. – Ankara: Akçağ yayınları, 2002. - 558 s.

Sakoğlu S., Duymaz A. Oğuz kağan Oğuz han destanı. – İstanbul: Ötüken, 2006. – 256 s.

Türkçe Sözlük. 2. Cilt. Türk Dil Kurumu. – Ankara: Türk Dil Kurumu Basımevi, 1988. – 1679 s.

Автор туралы мәдімет:

Аты жөні: Ахмет Аляз

Бөлімі: Түрік тіді кафедрасы

Факультеті: Шығыстану факультеті

Университеті, елі: Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университеті, Қазақстан

Email: alyaz.a@ablaikhan.kz, ahmetalyaz@mail.ru

Lütfen alıntılayınız: Alyaz, A (2021). Көрұғлы дастанының қазақ және түрік нұсқасынларындағы ерекшеліктер. *Türk Edebiyatları Araştırma Dergisi*, 2(1), 1-10. DOI: 10.47580/tead.211

Авторлық құқық: © 2021 TEAD. Бұл Creative Commons Attribution лицензиясының шарттары бойынша таратылған, кез-келген ортада шектеусіз пайдалануға, таратуға және көбейтуге, түпнұсқа автор мен дереккөзге несие берілген жағдайда рұқсат етілген ашық мақала.

Алынды: 21 желтоқсан 2020 ж. ▪ Қабылданды: 05 маусым 2021 ж